

"Судың бастапқы есебінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19/1-274 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 21-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 3 ақпанда № 35698 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Судың бастапқы есебінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19/1-274 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11131 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 7-8) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Судың бастапқы есебінің қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Судың бастапқы есебінің қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес әзірленді және судың бастапқы есебінің тәртібін айқындайды.";

7-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. СБЕ нәтижесінде алынған мәліметтер тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 қуніне дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз немесе электронды (Excel форматында) тасымалдағыштарда су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі бассейндік инспекцияларына ұсынылады.

10. Өлшем құралдары "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексеріледі.";

3-қосымша алынып тасталсын;

4-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрінің міндетін атқарушы

Б. Бекнияз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрлық министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 30 қантардағы
№ 21-НҚ бұйрығына
қосымша
Судың бастапқы есебінің
қагидаларына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі
Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын реттеу,
қорғау және пайдалануды бассейндік инспекцияларға.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан өтеусіз негізде интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz

Әкімшілік нысандың атауы: "Судың бастапқы есебін жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер".

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысандың индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі) : СБЕ-1.

Кезеңділігі: тоқсандық.

Есепті кезең: 20 жылдың тоқсанында.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: Занды және жеке тұлғалар бастапқы су пайдаланушылар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейін.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі - қағаз немесе электронды түрде.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан "Судың бастапқы есебін жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер"

		Су тартқыштың (су ағызғыштың) координаттары								Есепті тоқсанд ағыздуң (су ағызудың) белгіленген көлемі, мың текше метр	
		Су тартқыштың (су ағызғыштың)						Ағымдағы жылдың белгілеңген лимитіне сәйкес			
С у обьекті сінің атауы (актық обьекті шаруаш іршатының (ші) бойын ша орналас бедерін ін) коды	ӘАОЖ (Әкімшілік-аум атауы (актық обьекті шаруаш іршатының (ші) бойын ша орналас бедерін ін) коды	Су тартқыштың (су ағызғыштың) координаттары						Су алудың (су ағызудың) белгіленген көлемі, мың текше метр	Ағымдағы жылдың белгілеңген лимитіне сәйкес		
		градус	минут	секунд	градус	минут	секунд				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

кестенің жалғасы

Eсепті тоқсанды су алудың (су ағызудың) нақты көлемі, мың текше метр	Косалқы с у пайдалан	Косылқы су пайдаланушыларға берілді, мың текше метр	Судың жоғалуы, мың текше метр

оның ішінде			ушыларға	тоқсанын а	оның ішінде			норматив тік	норматив тен тыс
1 ай	2 ай	3 ай	а с у беруді есептеу торабын ың нөмірі	барлығы	1 ай	2 ай	3 ай		
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

Су пайдалануышының атавы _____

Мекен-жайы _____

(жеке немесе занды тұлғаның толық атавы)

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Су ресурстарын алуға (алуға) құқық берілген құжаттың деректемелері _____

Суды есепке алу аспабының маркасы _____

Суды есепке алу аспаптарын соңғы тексеру күні _____

Телефондар _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндеттін атқарушы адам _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдің орны (болған жағдайда) (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Жасалған күні " ____ " 20 ____ года.

Ескертпе: осы нысан осы нысандағы қосымшаға "Судың бастапқы есебін жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер". Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Судың бастапқы есебін
жүргізу нәтижесінде
алынған мәліметтер"
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанды
қосымша

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме "Судың бастапқы есебін жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер" (СБЕ-1, тоқсандық)

1. 1-бағанда су объектісінің (су шаруашылығы құрылышының немесе жергілікті жер бедерінің) атавы көрсетіледі.

2. 2-бағанда әкімшілік-аумақтық объект жіктеуішінің атавы көрсетіледі.

3. 3-тен 8-ге дейінгі бағандарда бойлышы мен ендігі бар су алу координаттары көрсетіледі: оның ішінде градуспен, минутпен және секундпен.

4. 9-бағанда су алу нөмірі көрсетіледі.

5. 10-нан 11-ге дейінгі бағандарда мың текше метр қоршаудың белгіленген көлемі көрсетіледі, оның ішінде: арнағы су пайдалануға арналған рұқсатта, сондай-ақ ағымдағы жылдың белгіленген лимитіне сәйкес.

6. 12-бағанда есепті тоқсандығы қоршаудың нақты көлемі мың текше метр, тоқсандығы жалпы саны көрсетіледі.

7. 13-тен 15-ке дейінгі бағандарда сомалар есепті тоқсандығы қоршаудың нақты көлемі, мың текше метр, оның ішінде 1, 2 және 3 ай үшін.

8. 16-бағанда қайталама су пайдаланушыларға су беруді есепке алу торабының нөмірі көрсетіледі.

9. 17-ден 20-ға дейінгі бағандарда қайталама су пайдаланушыларға берілген сомалар мың текше метр, барлығы тоқсан үшін, оның ішінде 1, 2 және 3 ай үшін.

10. 21-ден 22-ге дейінгі бағанда мың текше метр шығын сомасы көрсетіледі, оның ішінде: нормативтік және нормативтен тыс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК